

## **Бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөнінде комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 28-ө өкімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 ақпандағы кеңейтілген отырысында айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің бюджет шығыстарының тиімділігін түбегейлі арттыруға қатысты тапсырмасын іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда Бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі комиссия құрылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, басшы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, басшының орынбасары

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, хатшы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша).

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 26.01.2018 № 8-ө; 29.01.2020 № 15-ө өкімдерімен; ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

3. Комиссия 2020 жылғы 1 желтоқсанға дейін қажет болған жағдайда бюджет қаражатының пайдаланылуы бойынша бұзушылықтар фактілерін қарасын және қарау қорытындылары бойынша әзірленген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 29.01.2020 № 15-ө өкімімен.**

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.А. Смайыловқа жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 624 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Премьер-Министр*

*Б. Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК